

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «07» тамыз

БЖЗК 118 мыңнан астам қазақстандыққа зейнетақыны жоспарлауға көмектесті

Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап жеке және корпоративтік зейнетақы калькуляторын қолдана отырып, салымшыларға болашақ зейнетақыны жоспарлау бойынша ақыл-кеңес беріп келеді. Үш ай ішінде (2018 жылдың 2 сәуірі мен 30 маусымы аралығы) зейнетақыны жоспарлау мәселелері бойынша келушілермен 118 517 кеңес өткізілді.

Ақыл-кеңестердің басым бөлігін Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары алды. Оларға 18 270 консультация берілді. Ал Оңтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында сәйкесінше 16 011 және 7 881 ақыл-кеңес өткізілді.

Осындай шаралар барысында негізінен салымшыларды зейнетке шығу мерзімі, жарналарды өз бетінше төлеу мүмкіндігі, инвестициялық табыс, зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекет тарапынан берілетін кепілдік, зейнетақы мөлшері және оны көбейту жолдары жайында сұрақтар мазалайтындығы анықталды. Келушілердің барлық сұрақтарына Қор қызметкерлері толыққанды жауап беріп, болашақ зейнетақының мөлшерін есептеуге көмектесті және оларды көбейтудің жолдарын көрсетті.

Бұл жұмыстар өз нәтижесін беріп жатыр. Алдын ала жүргізілген талдау қорытындысы салымшылар мен алушыларға Қор қызметкерлері тарапынан ақыл-кеңес берілуі – ерікті зейнетақы жарналары бойынша шоттар саны мен зейнетақы жинақтарының артуына оң әсерін тигізіп жатқандығын көрсетті.

2018 жылы ерікті зейнетақы жарналары бойынша 1671 ЖЗШ ашылды. Бұл ретте 1155 (69 пайыз) шот екінші тоқсанда ашылған. Бұдан басқа, ерікті шоттарға жарналар бойынша түсімдердің артқандығы байқалады. Биылғы жылдың наурыз айында бұл шоттарға 8,7 млн теңге аударылса, сәуір айында 10,5 млн теңге, ал маусым айында 49,5 млн теңге аударылған.

Зейнетақы түсімдерінің сомасы да өсіп жатыр. 2018 жылдың басынан бері ол 407,5 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 пайызға көбейді.

***БЖЗК** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).*